Қазіргі таңдағы алға қойып отырған басты да түпкілікті мақсаты оқушылардың білім, білік, іскерлік дағдыларын дамытумен қатар, олардың бойындағы азаматтық, өміртанымдық, интернационалдық қасиеттерін де кеңейте түсу.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелеріне сәйкес еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің бастауыш сатысында таңдау курстары енгізілді. Жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысында Осыған орай үйірме жұмысы оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық деңгейін қалыптастыру үшін жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыруға беріледі.

Сабақтарды/үйірме жүргізу түрлері мен әдістерін оқытушы негізгі материалдың дидактикалық мақсаты мен мазмұнына қарай таңдап үйлестіріп отырады.

№	Үйірме атауы	сыныбы	Сағат саны	Апта күндері	Уақыты	Оқушы саны	Жетекшісі
1	«Жас тілші»	5,6	1	Сейсенбі	15:50	12	Ильясова Акерке
2	«Өлкетану»	6,7	1	Сәрсенбі	15:00	10	Қошқарова Әлия
3	«Шежіре»	8,9	1	Бейсенбі	15:45	12	Рысдаuletова Нағима
4	«Логикалық есептер»	10,11	1	Жұма	15:00	12	Мұхамбетжанұлы Баянбай
5	«Жас информатик»	4,5,6	1	Жұма	16:00	12	Оразова Индира
6	«Star»	7,8	1	Дүйсенбі	16:40	12	Нұсқабаева Еркеназ
7	«Жас физик»	8,9	1	Сейсенбі	15:00	12	Садуахасов Аман
8	«Жас атқыш-дәл атқыш»	10,11	1	Сәрсенбі	16:00	10	Исмайлов Сырлыбай
9	«Экология»	6,8	1	Бейсенбі	15:00	10	Әбибулла Заңғар

С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша атқарылған жұмыстары:

«Жас Ұлан» ұйымы баланың әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына, оның белсенді азаматтық ұстанымына, адамгершілік және рухани тұрғыда дамуына, ар-ожданының қалыптасуына, саяси және құқықтық мәдениетке баулуға, өзіндік танымымен азаматтық белсенділігін танытуға ерекше ықпал етеді. Ұйым мүшелігіне қосылғаннан кейін қоғам өміріне белсене араласады, өзінің жас ерекшелігіне қарай қоғамдық қозғалыстарға қатысады, өздерін тұлға ретінде таныта алады.

Жан-жақты дамыған тұлға ғана өмір заңдылығына сай еңбек етеді. Патриот болу - өз Отанын жанындай сүйе білу. Өзіңе сен, халқыңа сен, қоғамға қызмет ет, - деген сөздері «Жас Ұлан» ұйымының өмірлік қағидасына айналды. 2011 жылдың 16 қыркүйектегі - «Жас ұлан» жастар ұйымының құрылған күні. Ұйымға қабылдау жылына 3 рет : 1 -мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні, 6- шілде - "Жас ұлан" құрылған күні, 16-желтоқсан - Тәуелсіздік күні. Жүзеге асырушылары: 6-9 жас - Жас қыран, 10-16 жас - Жас ұлан, мектеп басшылығы, ұйым жетекшісі, сынып жетекшілер, ата – аналар.

Ұйым жүйесінің заңдылықтарында көптеген өзгерістерге ұшырады. Мәселен, соңғы ең негізгі деген өзгеріске тоқталып кетсек. 2014 жылы ұйым тәртібі 7 бағыт бойынша жұмыс атқаратын болды:

1. «ОТАН» - елін, жерін, құндылықтарын сүйу. Қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты

2. «ЗЕРДЕ» - зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты.

3. «РУХАНИЯТ» - жоғары адамгершілік құндылықтар гуманистік көркем истетикалық қасиеттерге тәрбиелеу бағыты.

4. «САЛАУАТ» - бойларын жаман қасиеттерден аулақ ұстайтын, салауатты өмірсалтын ұстаған, спортпен шұғылданатын тәнін түзулікке баулитын саламатты Қазақстан ұрпақтарын тәрбиелеу бағыты.

5. «ЕҢБЕК» - мектеп қабырғасынан белгілі мамандыққа бейімделу, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту бағыты.

6. «ЭКОӘЛЕМ» - қоршаған ортаны аялау, жан-жануарларға қорған болу, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыты.

7. «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» - жас азаматтарды өзіндік әлеуметтік тұрғыдан заң білу мәдениетіне, қоғам алдындағы құқығы мен міндетін түсіндіру бағыты.

Міне осы бағыт негізінде жұмыс жасау қолға алынып келеді. Көріп отырғандарыңыздай баланы жан-жақты, барлық қырынан ашуға, баланы өз-өзін тәрбиелеуге және бос уақытын тиімді, пайдалы, игі істерге жұмсауға үйретеді.

– Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. 2-3 сыныптың үздік оқушылары «Жас Қыран» ұйымына, 5 сынып үздіктері «Жас Ұлан» ұйымына мүше болып қабылданды. Ұйым анты мен әні орындалды. Ұйымның мақсаты мен міндеттерімен оқушыларды таныстырды.

– Мектепшілік үздік оқушыларды Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау 16 желтоқсан Тәуелсіздігіміздің 31 жыл толуына орай

«Жарқын күнге жол ашады– Жас Ұлан» атты салтанатты жиыны өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымына 5 сыныптың үздік 3 оқушы қабылданды.

«Жас Қыран» ұйымына 2-4 сыныптың 13 оқушысы қабылданды.

–Жылдық жоспарға сәйкес «ҚРсының мемлекеттік Рәміздеріне 30 жыл» тақырыбында тәрбие сағатта оқушылар екі топқа бөлінді, бір-бірлерімен ой жарыс жасады. Отан, рәміздер туралы мақалдар айтылып, өлең оқылды. Екі топқа сұрақтар қойылып, жауаптар тыңдалды. Сұрақтар Конституция, рәміздердің белгіленгені, баптарымен бөлімдері сұралды. Қазақстан Республикасы рәміздерінің бейнесі анық сипатталды және әнұран орындалды. Оқушыларға плакат беріп, постермен жұмыс жасалды. Постерде

«Қазақстан-2050» тақырып ашық бейнелеп, қорғалды.

–"Тілдер мерекесіне" орай «Тілім тірегім,соғып тұрған жүегім!» тақырыбында апталық болды. Аптаның әр күніне оқушыларға жоспар бойынша тапсырмалар беріліп, аптаның соңында Жас Ұлан ұйым мүшелерінің қатысумен қорытынды кеш өтті. Кеште апта бойы белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, ән мен жырдан шашу шашты.

- Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» БЖҚ ұйымы бағдарламасының «Салауат» бағыты бойынша деніңнің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі-денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің,

ішкі ағзалардың бірі ауырса, адамның денсаулығы нашарлап, көңіл күйі түседі, еш нәрсеге зауқы болмайды. Осындай жағдайларды мектеп тәлімгері мен мед.бике

оқушыларға түсіндіріп өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімі оқушылармен дене жаттығуларын жасады. Оқушыларды таза жүру, дұрыс тамақтану, таза ауада көп жүру, көтеріңкі көңіл күйде жүру керек екенін айтып, туындаған сұрақтарға жауап берілді.

- Дәстүрлі діндердің құндылықтары мен қасиетін түсіндіру және діни сенімдерді насихаттау, теріс пиғылды діни ағымдар бойынша діни терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында «Жат ағымға жол жоқ» тақырыбында 8-сыныптың жас ұландықтар арасында пікірталас өткізілді.

- Үлкенді сыйла, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қарттардың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдардың біз үшін орны бөлек екені түсіндіру мақсатында Қарттар күніне «Ардагерлерді ардақтайық!» Челленджі ұйымдастырылып, «Ерікті жас қыран» тобы ардагерлерге қолғабыс көрсетті.

- Мектептің тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары және аға тәлімгері оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу және 25 қазан-Республика күніне орай "Жаса Қазақстан" тақырыбында флешмоб өткізді. Флешмобқа мектептің 7-8-9 сынып оқушылары қатысты.

- Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Жас ұлан" - өскелең ұрпақты жоғары рухани- адамгершілік құндылықтар, гуманистік, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым. 25 қазан – Республика күніне орай, жоспарға сай түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, ұйым белсенділері белсене араласты.

Жоспарға сай «Жас Ұлан » ұйымының отырыстары жоспарға сай өткізіліп тұрады. Өтілген іс-шараның қорытындысы фейзбук парақшасына уақытылы жарияланып отырады.

Психологиялық жұмыстар

С.Қожанов атындағы ШЖЖББМ-де ұйымдастырылған психологиялық қызметтің басты мақсаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың денсаулығын сақтауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу. Мақсатты іске асыру барысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылдың 16 қыркүйегінде бекіткен №472 бұйрығы негізінде мектеп гимназияда ұйымдастырылған психологиялық қызмет жоспар жасалынып, лауазымдық міндеттер мен істер номенклатурасы бекітілді.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет Білім және ғылым министрі бекіткен бес бағытты қамтыды:

Психодиагностикалық
бағыттар;
Консультациялық
бағыттар;
Ағартушылық-профилактикалық
бағыттар; Түзету дамытушылық
бағыттар;
Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 1-11 сынып оқушылары толықтай қамтылып, жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, жұмыстарды есепке алу журналына тіркеледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс- әрекетті жұмыстарды алдын алу бойынша топтық жұмыстар; Ағаш, Кактус, Қолтырауын әдістемелері, Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі, Зунгтің «Депрессияны анықтау шкаласы», Айзенгтің «Тұлғаның жеке ерекшеліктері» тесті, Мазасыздану және депрессияны анықтау шкала тесті, түрлі бағыттағы құқық бұзушылықта анықтау сауалнамасы, жеке оқушылармен «Жаңбыр астындағы адам», «Түрлі түстер», «Отбасы портреті», «Табиғатта кездеспейтін жануар бейнесі» сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тесттер жеке алынады. Оқу процесіне қатысты баланың танымдық деңгейін анықтау және дамыту, интеллектуалды ақыл ойы мен білім білік дағдыларына «Дарынды және қабілетті оқушыларды» анықтауға диагностика жүргізіліп, нәтижесі бойынша педагогтар мен жетекшілерге әдістемелік көмектер ұсынылады. Оқушылардың ортаға бейімделуіне қатысты психологиялық жаттығулар, тренингтер жүргізіліп, ата аналарына кеңестер ұсынылады. Мамандық таңдау бойынша Климовтың «ДДЧ», Голбенің «Қызығушылық картасы» және тренингтер: «Мамандықтар әлеміне саяхат», «Мен таңдаған мамандық», «Арман және кәсіптің көп түрлігіне байланысты психологиялық танымдық сабақтар ұйымдастырылады. Бітірушілермен ҰБТ-ға психологиялық дайындық жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Оқу жылының басынан «есте сақтау заңдылықтары», «ҰБТ- ға қалай жақсы дайындалуға болады?», «Ата-аналарға кеңес», «Стресті болдырмау жолдары», «Алынбайтын асу жоқ» жүргізіледі. Мектепте «сенім жәшігі» бар, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Сонымен қатар жас маман иелері мен педагогтарға да және ата- аналарға психологиялық көмек пен қолдау жұмыстары, ұйымдастырылады. Алдын алу профилактикалық жұмыстар бойынша: Кибербуллинг, Буллинг, интернеттің зияны мен пайдасы, ерте жүктілік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары, аутодеструктивті іс - әрекетті , құқық бұзушылықты болдырмау тақырыбында бейнесабақтар, презентациялар, кеңестер, бағыт-бағдарлар жасалынды. Жасалынған психологиялық бағыт нәтижесі бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру

Бейінді оқыту – бұл оқушылардың қызығушылықтары, бейімділіктері және қабілеттерін есепке ала отырып, оқушылардың кәсіптік таңдауларына сәйкес олардың дамуына жағдай жасалатын, оқу қызметін ұйымдастыру түрі. Сондықтан мектептерге бейіндік және элективтік, таңдау курстары бойынша енгізілді. Бейіндік пәндердің білім мазмұны оқушылардың мүдделерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін есепке ала отырып тиімді педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталды. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейіндік пәндер және олардың мазмұны: оқушы тұлғасының интеллектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында физика-математикалық және химия-биологиялық білім беруді; бағдар бойынша базалық пәндерді тереңдетіп оқытуды; қоршаған әлемді түрлендірудегі математиканың, информатиканың, физиканың, биологияның және химияның рөлі туралы түсініктерін қалыптастыруды; оқушылардың логикалық, математикалық, ғылыми-жаратылыстану, инженерлік ойлауын қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті оқушылардың аналитикалық, практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруді; оқытуды бейіндендіруге жағдай жасауды және оқушыларды одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға даярлауды қамтамасыз етеді.

Осы бұйрықтың негізінде бейіндік оқытуды жүзеге асыруда үлгілік оқу жоспарындағы таңдау және элективті курс сағаттары талапқа сай жүргізілуде. 10-11 сыныптар жаратылыстану –математика бағытында оқытылады. Пән мұғалімдері академиялық сайтында орналастырылған ресурстар мен авторлық әзірлемелерге сүйене отырып авторлық бағдарламалар әзірлеген.

Бейімді-бағдарлы оқытудың мақсаты: оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ету.

Биылғы оқу жылы жаратылыстану – математика бағыты бойынша оқытылды. Жыл басынан 10 сыныпқа қабылдаудың белгіленген ережелеріне сәйкес 9 сыныпта оқушылардың бейіндік бағытын анықтау мақсатында мектеп психологы Д.Айқараев психологиялық зерттеулер, сауалнамалар алып оқушылармен жұмыстар жүргізіп, оқушыларымен мамандық таңдау

тақырыбында сауалнамалар алынды. Оқушы сұранысына сәйкес өтініштер жазылды. Сонымен қатар ата-аналар мен бағдарлы оқытуға түсініктер беріп, мамандық таңдаудағы сауалнамалар алынды. Осы мақсатта 9 сынып оқушыларының ой өрісі мен кәсіби бағыттау деңгейін анықтауға диагностика жасалды: нәтижесі бойынша жаратылыстану - математика бағытын оқушыларымыздың 80% таңдағаны анықталған болатын. Зерттеу қорытындысына сәйкес оқушыларды бейіндеп оқыту үшін 10-11 сыныптарына вариативті бөлімінің мектеп компонентінен 1 сағат қолданбалы курстың оқытылуына берілді

Сонымен қатар бағдарлы оқытуды ұйымдастыру жұмыстары: оқушы, ата- ана, психолог, сынып жетекшісі мен курс жетекшісінің бірлескен жұмыстары арқылы да іске асырылып отырады.

8-сынып - болашақ мамандығына сай таңдап отырған пәнін тереңдетіп оқыту.

9- сынып - оқушы таңдап отырған нақты пәндер негізінде бағдаралды білім, білік қалыптастыру.

Бағдарлы саты 10-11 сыныптарда қоғамдық өмірге төселген, жоғары мәдениетті, саналы таңдаумен бағдарлы білімді игерген жеке тұлғаны қалыптастыру.

10 - сынып - мамандыққа сай шығармашылық ізденіс қабілетін дамыту жұмыстарын жүйелеу.

11 - сынып - алған бейімдерін өз деңгейінде көрсету.

Мектептің барлық оқу жоспары, оқу жоспарының вариативті бөліміндегі таңдау сабақтар оқушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін, бейімділіктерін ескере отырып, бейіндік оқытуға негізделген. 9 – сынып оқушыларына жыл бойы болашақтағы мамандықтарын дұрыс таңдауларына байланысты жоғары сынып оқушыларының қатысуымен кештер, оқу орындарының мамандарымен кездесулер, арнайы сауалнамалар алынып, кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Бағдарлы білім беруде ұстаз тұлғасының рөлі ерекше. Тәжірибелі ұстаздарымыз оқушыларға жүйеленіп, өңделген материалды дайын күйінде ұсынбайды, баланы өз бетімен ізденуге, өзіне қажет білімді іздестіруге керекті қасиеттермен қаруландырып отырады.

Ұстаздарымыздың негізгі жұмыстарының бірі дарынды оқушыларды анықтап, олардың белгілі бір пән бойынша қабілеттілігін дәл тауып, бағыт-бағдар беріп, жұмыстарын белгілі бір ғылыми жолға қою болып табылады.

Оқу материалдық активтер

Мекеме ғимараты Түркістан облысы, Созақ ауданы, Ақсүмбе ауылы, Ақбикеш көшесі, № 2А орналасқан. Адамдар кіретін және көлікке арнайы есік орнатылған, ауласы көгалдандырып, қоршалған. Мектеп ауласының қатты жабыны плиткалармен қапталған. Мектеп ауласына 4 дана прожекторлар орнатылды.

Аулалық жарық беру шамдармен қойылған, жазғы спорт алаңы (футбол және баскетбол) алаңдары қарастырылған. Жүгіруге арналған жолдар бар.

Мектеп ауласында тұрмыстық қалдықтарға арнайы орын қойып ұшжағынан қоршалып, мектеп ғимаратынан алшақ жерде темірден жасалынған.

Мектеп ғимараты 1987 жылы салынған, сыйымдылығы бойынша 100 орынға арналған. Мектептің жалпы алаңы 3,3712 га, мектептің санитариялық - эпидемиологиялық сараптау №Х 09.Х.КЗ12VBS00040561, күні 02.09.2016 жыл қортындысы бар, 2023 жылы 100 орынды жаңа мектеп қолданысқа берілген, терезелері метало пластиктен жасалынып жалюздер ілінген. Жарықтандырылуы табиғи және жасанды аралас люминесттік шам арқылы. Желдетілуі қабырға көздері және терезе арқылы сынып бөлмелері қабырғаларына білім беруге қажетті көрсеткіш құралдарымен буклеттер, плакаттар мен жабдықталған. Бөлмелер мен қабырғалары және едендері жууға және залалсыздандыруға төзімді материалдардан. Сынып бөлмелері стол, орындық, шкаф, тақта мұғалімнің компьютері және интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген. Есіктері пластиктен жасалып, бірінші қабат линолеуммен жабылып, екінші қабат едендері линолеуммен жасалынған .

«С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Казакстан Республикасы «Төтенше жағдайлар министірінің Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 23 ақпандағы №20 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді. Ғимаратта осы қағидаларға сәйкес келтірілген эвакуациялау жоспары әзірленді. Эвакуациялау жоспарлары адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге

дейін өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша ұйым жұмыскерлерінің іс-қимыл жасау тәртібі іс-шарасы бар. Эвакуациялау жоспарлары ғимараттың әр қабатында, эвакуациялық шығу жолдарында дәліздің ұзындығы бойымен 20 метрден аспайтын қашықтықта ілінді. Сондай-ақ ғимаратта өрт кезінде электр энергиясын өшірген жағдайда, кезекші персонал жұмысқа қабілетті жай - күйдегі электр фонарларымен қамтамасыз етіледі. Фонарлар санын ұйым басшысы объектінің ерекшеліктеріне байланысты, бірақ әрбір кезекшіге кемінде

1 фонардан беріледі, және жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Ғимарат шатырларындағы сыртқы өрт сөндіру сатысы мен қоршауы жарамды күйде күтіп-ұсталған, өрт шкафтары оларда өрт краны жабдығының жинағын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіру құралының массасы кемінде 5 килограмм, кемінде екі қол өрт сөндіргішін, сондай-ақ адамдардың жеке қорғану және құтқару құралдарын орналастыру мүмкіндігімен орнатылған. Жыл сайын өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігіне техникалық қызмет көрсетуді, мектеп шатырын өңдеу, алдын ала жөндеуді жүргізуді лицензиясы бар, жеңімпаз серіктестік қызмет көрсетеді. Әрбір жаңа оқу жылында өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестігі тексеріліп, нәтижесі туралы ғимаратты қолдану акті беріледі. (Акт қоса тігіледі).

Ғимаратта ҚР ДСМ-76-бұйрығына, санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптар қол жуғыш 24 дана раковиналар, 12 дана унитаз орталық кәріз жүйесіне қосылған .

Мектепте 15 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Мектеп ауласына 4 дана прожекторлар орнатылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары тұтқаларымен пандус, көру қабелті нашар адамдарға арналған тактильді жол төсемі, дабыл батырмасы, түтін хабарлағыш орнатылған.

Мектеп ғимаратындағы медициналық пункті 2 бөлмеден тұрады: қабылдау және ем шара бөлмесі. Күнделікті медициналық көмек көрсетуге арналған құрал

- жабдықтармен және дәрі-дәрмектер жиынымен қажетті мөлшерде жабдықталған. Ем шара бөлмесінде препараттарды (МИБП) сақтау үшін 1 тоңазытқыш қойылған. Жеке компьютер, медициналық стол, шкаф, кушетка, және жұмыс столы орындықтармен жабдықталған. Стерильді мақта салынған бикс және 70 пайыздық этиль спирті, 6 перекись водорода ерітіндісі бар. Бір реттік стерильді перчатка, шпательдер, термометр, тонометр қарастырылған. Пайдаланылған заттарды залалсыздандыруға арналған ыдыс бар. Дезинфекция препараттардан «диохлор» қолданылуда. Қоры жеткілікті. Есептік журнал жүргізілуде. Қол жууға арналған қол жуғыш, су жылытқыш және бір реттік сүлгілермен қамтамасыз етілген. Медициналық қызметкер 1 жүктемеде, кезекті медициналық байқаудан өтіп, жұмысқа арнайы рұқсаты бар. Жұмыс киімдерімен қамтылған. ҚР Денсаулық Сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 сәуірдегі №141 бұйрығына

сәйкес келеді, медициналық қызметтің лицензиясы бар. Медкабинетке лицензия берілген лицензия нөмері №01111645DX 22.08.2019 жыл. Құжат қосымша тігілген.

Мектеп ғимаратында № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы санитариялық – эпидемиологиялық қортындысы бар, білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде жұмыс жасап жатқан тамақтандыру объектісі бар. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды

№ Х.09.Х.KZ72VWF00047168 02.09.2021 жыл. Тамақтандыру объектісі жалға берілгендіктен жалға алушылар туралы мәлімет «БРЕНД-Стройсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғы негізінде әрекет ететін Директор Абилпаттаев Ержан Бакытжанович куәлік 26.01.2022 жыл берілген №049962345 Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы Зейне Темирбекова 9А.

Мектеп асханасы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Ас блогының құрамында: ыстық цех, тарату бөлмесі, асхана ыдыстарын жуатын және қажетті арнайы, құрал - жабдықтармен, арнайы киіммен және асхана ыдыс-аяқ аспаптармен қамтамасыз етілген. Қатты және жұмсақ аспаптардың барлығына белгі қойылған. Мектеп асханасында аптасына бес күн 50 балаға 1 реттік тегін ыстық тамақ беріледі.

Оқу сабақтарына арналған 12 сынып бөлмелері бар. 1 спортзал, 2 шеберхана (ұлдар, қыздар), 1 асхана (25 балаға), 1 кітапхана бар. Мұғалім столы, жартылай жұмсақ орындық, оқушы парталары орындықтарымен, тақта, интерактивті, маркерлік тақта, шкафтар, көп функциялы құрылғы/көшірме, принтер, сканерлермен қамтылған, үш сыныпта интерактивті панель. Физика – 25,21м², химия/биология 25,21м², оқу және оқу зертхана жабдықтары 6 техникалық оқу құралдарымен қамтылған. 2020 жылы ауданды білім бөлімі арқылы онлайн оқыту бойынша, отбасы әлеуметтік жағдайына орай сұранысқа жабықтар компьютер - 10, ноутбук - 40 дана бар, web камера құрғылысымен қамтылды.

Мектепте бір компьютерлік сынып жұмыс жасайды. Онда микрофон-телефон гарнитурасы және web камерасы бар жиынтықта интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер, мұғалім столы, жартылай жұмсақ орындықтар, 10 оқушы парталары орындықтарымен, принтер, сканерлермен қамтылған .Оқу жабдықтарына арналған шкафтар компьютерлер, проекторлар бар.

Пән кабинеттерімен жабдықталуы

Кітапхана жаңартылған жүйеде жұмыс жасайды /е кітапхана, екі бөлмеден тұрады, кітаптар қоймасы және оқу залы, кітап сөрелерінде оқу, анықтама, көркем әдебиет және басылымдар, аудио-бейнетақа сияқты кітапханада оқушы столы, жартылай жұмсақ орындықтар, оқырман формулярына арналған шкафпен қамтылған,

Спорт залы – 203,54 (м²) қыздар және ұлдарға арналған бөлмеден тұрады, балалардың оқу спорттық құралдары: кір тас - 1, обруч, /алюминий/ - 1, тоғызқұмалақ - 1, шашка - 1, шахмат - 1, гимнастикалық брус - 1, матрас - 5, секіруге арналған планка - 1, гимнастикалық ағаш ат – 1, гимнастикалық снаряд – 1, футбол добы - 5, баскетбол добы -5, волейбол добы - 5, гимнастикалық матрас -1, гимнастикалық таяқшалар – 8,

теннис торы - 1, арқан - 1, оқу

гранатасы - 1, спорттық оқу гранатасы – 4, үстел теннис столы - 1, швед сатысы - 10, швед сатысы /лестница/ - 1.

Шеберхана 222,69 м² қыздар, ұлдар шеберханасы болып екі бөлме қаралған. Мектепте көркем еңбек пәні бойынша (металл өңдеу станоктары, ағаш өңдеу станоктары, бұрғылау станогі) ұлдар және (тігін машиналары,) тігін қыздар сынып бөлмелері орналасқан. Шеберхана сынып бөлмесінде оқушылар металл өңдеу жұмыстарының негізгі түрлерімен және ағаш өңдеу тәсілдері түрлерімен сабақ өтіледі. Қыздар бөлімі тігін машиналары мен және аспаздық өнер түрлері кәсіпке баулу бойынша түрлі материалдармен жұмыс істеу арқылы оқушылардың технологиялық ойлауын көркем эстетикалық талғамын дамытады. Қыздар және ұлдар шеберханаларында мұғалім столы микрофон - телефон гарнитурасы және web камерасы бар, интернетке қолжетімді дербес компьютермен жабдықталған, жартылай жұмсақ орындықтар, оқушы парталары орындықтарымен жабдықталған.

АӘД – 10,52м², бастауыш сынып - 25,21м², орыс тілі - 20,10м², бастауыш сынып – 25,21м², бастауыш сынып – 25,21м², даярлық сынып – 25,21м², география – 25,21 м², математика – 25,21м², ағылшын тілі – 25,21м², информатика – 40,22м², тарих – 25,21м², мультимедиялық - лингафон – 25,21м², қазақ тілі – 50,7м², физика – 25,21м², зертхана физика 18,19/ - 18,60 м².биология

/химия – 25,21м², зертхана химия/биология – 18,19/ - 18,60 м². Мектептің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 100 %.Ғимараттағы ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу) – 100%.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

2023-2024 оқу жылы.

Оқу жылының басында мектеп кітапханасына 2 сынып оқулықтары түгел ауысып, жаңа кітаптар келді. 5-8 сыныптарға Абайтану оқулықтары, сұраныс бойынша жетіспейтін оқулықтар берілді. Жалпы 1-11 сыныптар түгел оқулықтармен 100% қамтылды.

2022-2023 оқу жылы бойынша стат есеп:

к/с	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханасының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	6408
3	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	4961
4	Көркем әдебиеттер саны	1236
5	Оқырмандар саны	95
6	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	855
7	Кітап беру саны	1710
8	Кітапханашылар саны	1
9	Оқу залының саны	1
10	Оқу залында отыратын орын саны	8
11	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	44,67

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектеп кітапханасының жұмысы «1 қыркүйек – Білім күніне» көрме жасаумен басталды, 5 қыркүйек Тіл мерекесі және А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына байланысты, «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі», «А.Байтұрсынов – Ұлт ұстазы» тақырыбында мектепшілік оқушылар мен мұғалімдер арасында апталықпен басталды. С.Қожановтың туған күніне орай кітап көрмесі, ақпараттық сағат өткізілді. Қазақстан Республикасының халық жазушысы Ш.Мұртазаның 90- жылдығына орай көрме жасалып, кітапханалық сабақ өткізілді. Қазақ әдебиетінің классигі, академик М.Әуезовтың 125 жылдығына орай көрме жасалып, сынып арасында челлендж ұйымдастырылды. Шығармаларынан сахналық қойылым дайындалды. « Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбында қарттар күніне көрме ұйымдастырылып, библиографиялық сабақ өткізілді. 2 қазан - Қазақстандық тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың алғаш ғарышқа ұшқанына 30 жылдығына орай «Ғарыш айлағы» тақырыбында жас суретшілер байқауы өткізілді. «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында оқушылар арасында 20 минуттық оқу ұйымдастырылып, кітапханалық квесттер өткізіліп отырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітаппен өткен демалысым қызық»

марафонына оқушылар қатыстырылып отырды. « Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «Кітап ақылына ақы сұрамайтын - ең құнды дүние» тақырыбында 9,10,11- сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел,«Менің сүйікті кітабым» өзі оқыған кітапты жарнамалау іс-шарасы, «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» іс- шарасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әжемнің ертегілері» оқу марафоны, «Ақылдың сөнбейтұғын шамшырағы» мәнерлеп оқу іс-шарасы өткізілді. 25 қазан Республика күніне орай «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында көрме жасалынды. Қазақстан Республикасының жазушысы Ғабиден Мұстафиннің 120 жылдығына орай кітап көрмесі жасалынып оқушыларға таныстарылды. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында кітап көрмесі жасалынды. Қазақстан Республикасының халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығына байланысты «Ұлға өсиет,қызға кеңес» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздік. Теңге күніне орай

«Теңге Тәуелсіздік - кепілі» тақырыбында 7 - сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Артық ғылым кітапта» тақырыбында 4-сынып оқушыларымен ақпараттық сабақ өткізілді. Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арнап «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, әдеби кеш өткізілді. 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, мектеп кітапханасының кітап қоры толықтырылды. Ауған соғысы (1979-1989) «Ерлік жолында» тақырыбында көрме жасалды,ауған соғысының ардагері Әбілдаев Анарбек ағамен кездесу өткізілді, іс-шаралар мектебіміздің фейзбук әлеуметтік желісіне жарияланды. 1 наурыз Алғыс айту күніне ,8 наурыз Аналар мерекесіне орай ашық хаттар жасалып, құттықтаулар жарияланды.Ұлыстың Ұлы күнін атап өту мақсатында өткізіліп отырған іс- шараға мектеп кітапханасы да өз үлесін қосты.Көрме жасап,салт-дәстүрімізді насихаттауға атсалысты. Алдағы уақытта мектеп кітапханашылары тәжірибелерді озық пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады.Мектеп кітапханасы мектептің жүрегі,бір бөлшегі.Еліміздің болашағы білімді де, білікті ізденімпаз жастарымыздың қолында.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44, 2022 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу- әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі – 100%.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Бастауыш сатыда 2-сыныптан бастап 7 оқу пәндері бойынша білім Алушылар бағаланады, яғни бөлім бойынша және тоқсандықжиынтықжұмыстар орындалады, сабақ барысында формативті бағалау жүргізіледі.

5 және 6-сыныптарда білім алушылар 9 оқу пәндері бойынша; 7 және 8-

сыныптарда 13 оқу пәндері бойынша, 9-11, 14 оқу пәндері бойынша бағаланады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

- 1) тұлғалық нәтижелер;
- 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;
- 3) пәндік нәтижелер.

Тұлғалық нәтижелер:

- Қазақстан Республикасы Конституциясына, тәртіп сақтау ережелерімен Заңдарына құрмет көрсетуінен;
- Белсенді азаматтық ұстанымын, жоғарыпатриоттық сезімінк өрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;
- Мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуінен, қаза қхалқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;
- Өз елінің, туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге ұмтылуынан, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік танытуынан;
- Салауатты өмірсалтын ұстануынан, өз қауіпсіздігі мен айналасындағы Адамдардыңқауіпсіздігін сақтауға үйренуінен;
- Адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, Этикалық нормаларды сақтай білуінен;
- Өздігінен білім алуға, өмірден ө зорнын табуға және жасампаз еңбекке қабілеттілігінен;
- Үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілді бола білуінен;
- Әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуынан, қоғамғажат құбылыстарға, идеологиялық, құқыққа қайшы және діни сипаттағы деструктивті әрекетке қарсы тұра білуінен көрініс табады.

Тұлғалық нәтижелер білім алушының тәрбиелілігі, әлеуметтенуі, рухани адамгершілік, шығармашылық және дене дамуы деңгейінің психологиялық педагогикалық мониторингісі түрінде бағаланады.

Жүйелік-әрекеттік нәтижелер:

- Адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалану аясы мен ғылым негіздері бойынша жүйелі білімін меңгеруінен;
- Ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуінен;

- таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін меңгеруінен;
- заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруінен;
- жоғары деңгейдегі коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігінен көрініс табады.
- Жүйелік-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, Таңдау курстары, шығармашылық оқу жобалары, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының басқа да түрлері бойынша қол жеткізген жетістіктері мен анықталады.

Пәндік нәтижелер

Білім алушылардың білімнің базалық мазмұнын меңгеруі барысында пәндік нәтижелер білімдік және іс-әрекеттік дайындығынан көрінеді және базалық деңгейде, бейіналдыжетікденгейде (таңдап алған пәндерді тереңдетіп оқытатын үлгілік оқу жоспарларының негізінде) белгіленеді. Білім алушылардың оқу пәндерін игеруінің базалық деңгейі білімнің міндетті минимум көлемін және

Олардың біліктілігі мен дағдыларын қамтиды. Білім мазмұнын меңгерудің пәндік нәтижелері 10 балды қбағалау жүйесімен бағаланады.

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылармен түлектердің білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында білім беру

ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалықкөрсеткіштерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету міндеті тұр.

2023– 2024 оқу жылындағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пән атауы	Жылдық білім сапасы	Орта балы
1	Математика	54	3,7
2	Физика	56	3,8
3	Информатика	70	4
4	Биология	63	3,9
5	Химия	62	3,8
6	География	66	4
7	Қаз.тарихы	76	4
8	Қазақ тілі	67	4
9	Қазақ әдебиеті	67	4
10	Орыс тілі мен әдебиеті	67	3,8
11	Ағылшын тілі	67	3,9
12	Әлем тарихы	74	4
13	Құқық негіздері	68	4,1

1	Қазақ тілі	77	4
2	Әдебиеттік оқу	88	4,1
3	Математика	77	4,2
4	Жаратылыстану	85	4,1
5	Дүниетану	88	4,2
Жалпы		70	3,9

Оқу жылы барысында сыныпты басқаруда және оқыту сапасында проблемаларды қарастырып пән мұғалімінің мотивациясы төмен оқушылармен жеке жұмысы және мотивациясы жоғары балалармен сараланған жұмыстарды жүргізу, мұғалімдердің инновациялық технологияларды пайдалануын қадағалау, пән мұғалімдеріне сабаққа әдістемелік дайындықты күшейту, сабақта әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану, үлгерімі төмен оқушылармен олқылықтарды жою бойынша жұмысты жалғастыру, тағы басқа мәселелермен жүйелі жұмыстардың болуы нәтижесінде білім сапасының артты.

Қорытынды аттестаттау ҚР БҒМ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты білім алушылардың негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес пән бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау болып табылады.

**Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндердің
рейтингісі 9 сыныптардың қорытынды
аттестаттау нәтижесі**

Пәні	2023 – 2024 оқу жылы	
	Үлгерімі	Білім сапасы
Ана тілі (қазақ тілі)	100%	50%
Алгебра	100%	60%
Орыс тілі мен әдебиеті	100%	50%
География	100%	60%
биология	100%	60%

аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау, 9- сыныптарда 5 пән бойынша жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныптар бойынша 2 оқушы Ілияс Созақбай, Бектібай Ақерке негізгі орта білім туралы үздік аттестат иегерлері болды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін де ескере отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін пайдаланылады.

Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2023-2024 оқу жылынан бастап 1-сыныпта бағалау жүргізілмеді.

2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады. Кері байланыс беру үшін электронды журналдың рубрикаторларын пайдаланды.

Мұғалім бағалауды мұғалімдерге, ата-аналар мен білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес өткізуі тиіс:

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

✓ әр оқу жылына арналған «Қазақстан Республикасының

жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

- ✓ Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық;
- ✓ Негізгі және орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық: оқу-әдістемелік құрал;
- ✓ Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;
- ✓ Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған апсырмалар жинағы;
- ✓ Сыныптар, пәндер мен тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсынымдама.

Жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу, сараптама жасау, модерация жүргізу үшін мектепте шығармашылық топ құрылған. Шығармашылық топ құрамына жетекшісі болып мектеп үйлестірушісі, мүшелері болып әр бірлестік жетекшілері мен физика, тарих және орыс тілі пәндерінің мұғалімдері және Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жетілдіру шеңберінде пәндер бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған оқу курсына қатысқан мұғалімдер кіреді. Жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды сараптауды шығармашылық топтың мүшелері жүзеге асырады.

Жиынтық бағалауды мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау критериалды бағалау ережесіне сәйкес өткізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік нұсқау хат бойынша жүргізіледі және әр пәннің жиынтық бағалауы бойынша спецификацияға сүйене отырып дайын үлгідегі жиынтық бағалау тапсырмаларын бастапқы оқужылдары қолданыста болды. Қазіргі таңда пән мұғалімдері жиынтық бағалау тапсырмаларын өздері құрастырады.

Білім алушылардың бөлім және тоқсан бойынша алынатын жиынтық бағалауда қамтылатын оқу мақсаттарының саны мен алынатын тапсырмалардың түрлері: ашық және жабық тапсырмаларды қамтуы, күрделілігі шамадан тыс болмауы және де сыныптар бойынша шектік баллдан аспауы үнемі қадағаланады. Әр пән мұғалімі алынған бөлім бойынша жиынтық бағалаудың мониторингісін тоқсан сайын шығарып, салыстырмалы сипаттамаларын жүргізіп, тоқсандық жиынтық бойынша модерация хаттамалары толтырылады.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын бөлім бойынша және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың жүргізілуі және уақытылы электронды күнделікке енгізілуі сарапталынады.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес ТЖБ алу кестесі бойынша біркүнде бір сыныптан 3 сабақтан артық ТЖБ алынбайды.

МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу);

2) МЖМБС бекіткен тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген оқытудың күтілетін нәтижелері 4, 9, білім алушылардың жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау және білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру.

Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін және дағдыларын бағалау ведомостарының көшірмелері, оның ішінде осы Критерийлерге 15 және 16- қосымшаларға сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндердің

рейтингісі 11 сыныптардың қорытынды

аттестаттау нәтижесі

Пәні	2023 – 2024 оқу жылы	
	Үлгерімі	Білім сапасы
Ана тілі (қазақ тілі)	100%	80%
Алгебра	100%	60%
Орыс тілі мен әдебиеті	100%	60%
Қазақстан тарихы	100%	60%
География	100%	60%
биология	100%	50%

2023-2024 оқу «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008

жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау, 11- сыныптарда 6 пән бойынша жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 11 сыныптар бойынша 2 оқушы Асқар Балауса, Пернебай Марғұлан жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» иегерлері болды.

2023-2024 оқу жылдарындағы бітіруші сыныптар
11 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіші

Оқу жылы	2023-2024 о/ж	
	Оқушы саны	Білім сапасы
Бітіруші сыныптар		
11-сынып	5	60%

1. Бағалау қорытындысы:

Түркістан облысы білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «С.Қожанов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» комуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалаудың өлшемшарттарын бекіту туралы » бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2024 жылдың 27 мамыр – 07 маусым аралығында мектептің өзін –өзі бағалауы жүргізілді және оның қорытындысы төмендегідей:

мектепте өзін –өзі бағалауды ұйымдастыруда «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» «Өзін- өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу» іс- шаралар жоспарына сәйкес орындалды. Өзін – өзі бағалауды жүргізу барысында барлық комиссия құрамы өзіне жүктелген міндеттемелерді өз деңгейінде орындады. Педагогикалық ұжым мүшелері

толық қамтылып, оқушылармен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарының негізінде анықталды және аналитикалық талдау жасалды.

- Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі 100 пайызды құрайды.

- Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі -75 пайызды құрайды.

- Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі -100 пайызды құрайды.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі -37 пайызды құрайды

- Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы талапқа сай

- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалған.

- Ғимараттарда (оқу корпусарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалған. (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы

№ 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі-100 пайызды құрайды

- Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)-100 пайызды құрайды.